

## **Қазақстан-қытай және қазақстан-иран мұнай құбырын салу жөніндегі Бас келісім қағидаларының тиімді және уақтылы орындалуын қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 28 қарашадағы N 362

1997 жылғы 24 қыркүйекте қол қойылған Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі мен Қытай Ұлттық мұнай-газ корпорациясы арасындағы қазақстан-қытай мұнай құбырын салу, Өзен кен орнын оңалту және қазақстан-иран мұнай құбырын салу жөніндегі Бас келісім қағидаларының тиімді және уақтылы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында:

1. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" ЖҰАҚ мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесе отырып заңдарда белгіленген тәртіппен:

Қытай Ұлттық мұнай корпорациясымен жауапкершілігі шектеулі серіктестік құру жөнінде тиісті құжаттарды әзірлеу және қабылдау туралы Қазақстан жағынан " Өзенмұнайгаз" АҚ Қытай жағынан Мұнай барлау және өндіру жөніндегі Қытай Ұлттық корпорациясы қатысатын келіссөздер жүргізісін;

Құзыретті орган бекіткен жұмыс тобымен бірлесе отырып:

құрылып отырған жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен Үкіметтің Құзыретті органының арасында Жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісім-шарттың жобасын әзірлесін, қажетті сараптамалар (қажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшылар мен консультанттардың) және мемлекеттік басқару органдарының қорытындыларын алып, келісім-шартты Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне ұсынсын;

"Қазтрансойл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниямен және Қытайдың уәкілеттік берілген тарабымен қазақстан-қытай мұнай құбырын салу туралы келісімнің жобасын пысықтасын.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар келіссөздердегі өздерінің уәкілетті өкілдерін белгілесін.

Премьер-Министр